

Ертіс ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізудің қосымша тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ертіс аудандық мәслихатының 2016 жылғы 5 қыркүйектегі № 22-5-6 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 4 қазанда № 5241 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық мәслихатының 2021 жылғы 6 қаңтардағы № 273-63-6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық мәслихатының 06.01.2021 № 273-63-6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Заңының 10-бабына сәйкес, Ертіс аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Ертіс ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізудің қосымша тәртібі осы шешімінің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ертіс аудандық мәслихатының бюджет, әлеуметтік саясат және заңдылық жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күндер өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Кезектен тыс

сессияның төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

И. Айтимбетова

Б. Шингисов

Ертіс аудандық мәслихатының

2016 жылғы 5 қыркүйектегі

№ 22-5-6 шешімімен

бекітілген

Ертіс ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізудің қосымша тәртібі

1. Ертіс ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізудің Қосымша тәртібі (бұдан әрі - Қосымша

тәртіп) Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Заңына сәйкес әзірленді.

2. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу үшін өтініш "Ертіс ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - Ертіс ауданы әкімінің аппараты) беріледі.

3. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы өтініштерді еңбек ұжымдарының, қоғамдық бірлестіктердің немесе Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген топтарының он сегіз жасқа толған уәкілдері береді.

4. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы өтініш оны өткізудің белгіленген датасынан кемінде он күн бұрын жазбаша нысанда беріледі. Өтініште шараны өткізу мақсаты, нысаны, өткізілетін жері немесе қозғалыс маршруттары, оның басталатын және аяқталатын уақыты, қатысушылардың ықтимал саны, уәкілдердің (ұйымдастырушылардың) және қоғамдық тәртіптің сақталуына жауапты адамдардың тегі, аты, әкесінің аты, олардың тұратын және жұмыс істейтін (оқитын) жері, өтініштің берілген датасы көрсетіледі. Өтініштің берілген мерзімі Ертіс ауданы әкімінің аппаратында тіркелген күнінен бастап есептеледі.

5. Ертіс ауданы әкімінің аппараты өтінішті қарайды және өтініште көрсетілген шараның өткізілетін уақытынан кемінде 5 күн бұрын уәкілдерге (ұйымдастырушыларға) қабылданған шешім туралы хабарлайды.

6. Жиналыс, митинг, шеру, пикет және демонстрация өткізу туралы өтініш беру барысында осы Қосымша тәртіптің 4-тармағының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда Ертіс ауданы әкімінің аппараты осы бұзушылықтарды жаңа өтініш берген кезде жою туралы ресми түрде ұсыныс береді. Жаңа өтінішті қарау мерзімі өтініш түскен сәттен бастап саналады.

7. Ертіс ауданы әкімінің аппараты басқа азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық қауіпсіздікті, сондай-ақ көліктің, инфрақұрылым объектілерінің қалыпты жұмыс істеуін, жасыл желектер мен шағын сәулет нысандарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, қажет болған жағдайда, өтініш жасағандарға шараны өткізудің өзге уақытын және жерін ұсынады. Қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіпте шешімге шағымдануға болады.

8. Егер, Ертіс ауданы әкімінің аппараты митинг, жиналыс, шеру, пикет және демонстрациялардан бас тартатын болса немесе тыйым салу туралы шешім шығарылса, онда ұйымдастырушылар ықтимал қатысушыларға барлық дайындық жұмыстардың күші жойылғаны туралы шаралар қабылданғанын міндетті түрде хабарлауы қажет.

9. Ертiс ауданы аумағында митингiлер мен жиналыстар өткiзетiн орындар болып келесi орындар белгiленсiн:

а) Ертiс ауылы, орталық стадионы;

б) Ертiс ауылы, Чайковский және Ысқақов көшелерiнiң қиылысындағы алаңы

10. Ертiс ауданы аумағында шерулер мен демонстрацияларды өткiзу үшiн келесi бағыттар белгiленсiн:

а) Ертiс ауылының Ысқақов көшесi бойынша Чайковский көшесi қиылысынан бастап Фрунзе көшесiнiң қиылысына дейiн;

б) Ертiс ауылының Карел - Полк көшесi бойынша Иса Байзақов көшесi қиылысынан бастап Қуанышев көшесiнiң қиылысына дейiн.

11. Жиналыстар, митингiлер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар, сондай-ақ оларға қатысушылардың сөз сөйлеуi өтiнiште көрсетiлген мақсатқа сәйкес, белгiленген мерзiмде және келiсiлген жерде өткiзiледi.

12. Жиналыстарды, митингiлердi, шерулердi, пикеттердi, демонстрацияларды өткiзу кезiнде уәкiлдер (ұйымдастырушылар), сондай-ақ басқа да қатысушылар қоғамдық тәрiптi сақтауға мiндеттi.

13. Шараларды ұйымдастырушылар мен қатысушылардың:

1) көлiктiң және жаяу жүргiншiлердiң қозғалысына бөгет жасауына;

2) елдi мекеннiң инфрақұрылым объектiлерiнiң үздiксiз жұмыс iстеуiне кедергi келтiруiне;

3) Ертiс ауданы әкiмiнiң аппараты рұқсатынсыз киiз үйлер, шатырлар, өзге де уақытша құрылыстар тұрғызуына;

4) жасыл желектерге, шағын сәулет нысандарына залал келтiруiне;

5) өзiмен бiрге суық қаруды, атыс және өзге де қаруды, сондай-ақ адамдардың өмiрi мен денсаулығына қарсы азаматтарға, және заңды тұлғалардың меншiгiне материалдық залал келтiру үшiн пайдаланылуы мүмкiн арнайы жасалған немесе бейiмделген заттарды алып жүруiне;

б) шараны өткiзу кезiнде қоғамдық тәрiптi қамтамасыз етушi мемлекеттiк органдар өкiлдерiнiң қызметiне кез келген нысанда араласуына тыйым салынады.

14. Жиналыс, митинг, шеру, пикет және демонстрацияларды өткiзу орындарында:

1) спирттiк iшiмдiктердi iшуге, есiрткiлiк құралдарды, психотроптық заттарды және олардың аналогтары мен прекурсорларын қолдануға;

2) транспаранттарды, ұрандарды және басқа да материалдарды (көрнектi, аудио және видео) пайдалануға;

3) құрамында қоғамдық тәрiптi бұзуға, қылмыс жасауға үндейтiн, сондай-ақ кiмнiң болса да атына тiл тигiзетiн сөздерi бар мағынада көпшiлiк алдында сөйлеуге тыйым салынады.

15. Пикеттер белгіленген кезендерде және өтініште көрсетілген нақты орнында міндеттеріне сәйкес жүргізілуі тиіс.

16. Пикеттеу кезінде рұқсат етіледі:

- 1) пикеттірілген объектіде тұру немесе отыру;
- 2) көрнекті үгіт құралдарын пайдалану;
- 3) пикет тақырыбына байланысты қысқа ұрандар айту.

17. Пикетті өзге нысанға (митинг, жиналыс, шеру, демонстрацияға) өзгерткен жағдайда белгіленген тәртіппен Ертіс ауданы әкімі аппаратынан рұқсат алу қажет.

Ертіс ауданы әкімінің аппараты бір күнде, бір уақытта және бір орында үшеуден аспайтын жеке дара пикетті өткізуге рұқсат беруі мүмкін.

Түрлі жеке дара пикеттерге қатысушылар бір-бірінен 50 метрден кем емес қашықтықта орналасуы немесе бір-біріне айқын көрініп тұруы қажет.

18. Егер жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды немесе демонстрацияны өткізудің мақсаты нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік араздықты, діни төзімсіздікті, тектік астамшылықты қоздыру, республиканың конституциялық құрылысын күш қолданып құлату, аумақтық тұтастығына қол сұғу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдары мен өзге де нормативтік актілерінің басқа қағидаларын бұзу болса, немесе оларды өткізу қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін болса, Ертіс ауданы әкімінің аппараты бұларды өткізуге тыйым салады.

19. Бұқаралық шараларды мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдардың (қоғамдық көлік, сумен, электр қуатымен, жылумен және басқа энергия көздерімен жабдықтау) және денсаулық сақтау мен білім беру мекемелерінің жанында өткізуге жол берілмейді.

20. Егер: өтініш берілмеген болса, тыйым салу туралы шешім шығарылса, сондай-ақ азаматтарында өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін, қоғамдық тәртіп бұзылатын жағдайда жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар Ертіс ауданы әкімі аппараты өкілінің талап етуі бойынша сөзсіз тоқтатылуға тиіс.

21. Ертіс ауданы әкімі аппараты өкілінің талабын орындаудан бас тартылған жағдайда оның нұсқауы бойынша ішкі істер органдары жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды және демонстрацияны тоқтату жөнінде қажетті шаралар қолданады.

22. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды ұйымдастыру мен өткізудің белгіленген тәртібін бұзған адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

23. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды өткізу кезінде оларға қатысушылардың азаматтарға, қоғамдық бірлестіктерге, мемлекетке келтірген материалдық залалы үшін заңда белгіленген тәртіп бойынша өтем жасалуға тиіс.

24. Жиналыс, митинг, шеру, пикет, демонстрация өткізілетін жерде қоғамдық тәртіпті сақтау, үй-жайлар беру, санитарлық тазарту, жарық беру және радиоландыру жөніндегі туындаған барлық қосымша шығындарды оларды ұйымдастырушылар өтейді.